

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 қыркүйектегі № А-09/262 " Бұланды ауданының Макинск қаласында жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильмен тасымалдауға бірыңғай тарифті белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 27 шілдедегі № А-07/206 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 шілдеде № 28948 болып тіркелді

Ақмола облысы Бұланды ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 қыркүйектегі № А-09 /262 "Бұланды ауданының Макинск қаласында жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильмен тасымалдауға бірыңғай тарифті белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7409 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Бұланды ауданының Макинск қаласында жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильмен тасымалдауға бірыңғай тариф белгіленсін:

ересектерге - 100 (жүз) теңге мөлшерінде;

жеті жастан он бес жасқа дейінгі балаларға - 50 (елу) теңге мөлшерінде."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бұланды ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының
Бұланды ауданы әкімі*

Т.Ерсеитов

"КЕЛІСІЛДІ"

Бұланды аудандық мәслихаты